

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Француз Республикасы Қарулы Күштерінің Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылдарға қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 480-IV Заңы

2009 жылғы 6 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Француз Республикасы Қарулы Күштерінің Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылдарға қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. НАЗАРБАЕВ
Француз тілінен аударма

істер министрлігі
№ 613

Ф р а н ц у з Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С ы р т қ ы ж әне е у р о п а л ы қ

Француз Республикасының Сыртқы және еуропалық істер министрлігі Қазақстан Республикасының Франциядағы Елшілігіне өзінің ілтипатын білдіреді және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 09-1/5229 және № 09-1/5247 вербалдық ноталарға жауап ретінде 2009 жылғы 6 қазанда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі күш-жігерлерге Француз Республикасы Қарулы Күштерінің қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімнің қазақ тіліндегі бастапқы нұсқасын түзетулер енгізілген нұсқасымен ауыстыруға француз тарапы қарсылық білдірмейтінін хабарлауды өзіне мәртебе санайды.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Француз Республикасының Сыртқы және еуропалық істер министрлігі Қазақстан Республикасының Франциядағы Елшілігіне өзінің зор ілтипатын қайталай қуаттайды.

Париж, 2010 жылғы 16 қыркүйек

Қазақстан Республикасының
Француз Республикасындағы Елшілігі
Пьер Шарон көшесі 59 үй

75008 Париж қаласы

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "мемлекеттік әуе кемесі" деген термин "әуе кемесі" деген терминмен ауыстырылды - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі күш-жігерлерге Француз Республикасы Қарулы Күштерінің қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы
КЕЛІСІМ**

(2011 жылғы 13 қыркүйекте күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі «қазақстан Тарапы» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бұдан әрі «француз Тарапы» деп аталатын Француз Республикасының Үкіметі, бұдан әрі бірлесе «Тараптар» деп аталатындар, 1995 жылғы 19 маусымда Брюссельде қол қойылған Солтүстік Атлантикалық Шартқа қатысушы мемлекеттер мен Қарулы Күштер туралы өз мәртебелеріне қатысты «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасына қатысушы басқа да мемлекеттер арасындағы келісімді және оған қосымша хаттаманы (бұдан әрі - SOFA PfP келісімі) **н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,** 1992 жылғы 23 қыркүйекте Парижде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Француз Республикасының арасындағы Достық, өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы **ш а р т т ы е с к е р е о т ы р ы п ,** Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің Ауғанстан туралы 1368 (2001), 1373 (2001), 1386 (2001), 1444 (2002), 1510 (2003), 1536 (2004), 1589 (2005), 1623 (2005) және 1707 (2006) қарарларының қағидаларын **н а з а р ғ а а л а о т ы р ы п ,** Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық күш-жігерлерге жәрдем ету қажеттігін пайымдай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Осы Келісімнің мақсатына сай:
а) «әскери мүлік» - 1990 жылғы 19 қарашадағы Еуропадағы Әдеттегі қарулы күштер туралы шартта бекітілген шектеулерді ескере отырып, қарудың, әскери техниканың

барлық түрлері мен басқа да мүлік;

b) «персонал» - Француз Республикасының әскери және азаматтық қызметшілері;

c) «транзит» — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынылатын бағыттар бойынша теміржолмен/әуе жолымен қона отырып немесе қонбай Қазақстан Республикасының аумағын кесіп өту;

d) «әуе кемесі» — 1944 жылғы 7 желтоқсандағы Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 3-бабы b) тармағының мәнінде Француз Республикасының кез келген әуе кемесі немесе ол жалдаған кез келген әуе кемесі;

e) «Француз Тарапының өкілдері» – осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Француз Тарапының атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Француз Республикасының уәкілетті жеке немесе заңды тұлғалары;

f) «Қазақстан Тарапының өкілдері» – осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Тарапының атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін Қазақстан Республикасының уәкілетті жеке немесе заңды тұлғалары;

g) «қайта тиеу» – бұдан әрі «әуежай» деп аталатын Шымкент қаласының әуежайында Француз Тарапына тиесілі әскери мүлікті әуе кемесінен түсіруден бастап, оны әуежай аумағында орналасқан теміржол тұйығындағы теміржол құрамына тиеумен аяқталатын операциялардың жиынтығы. Қайта тиеуге жататын әскери мүлік түрлерінің тізбесі дипломатиялық арналар арқылы Тараптармен келісіледі;

h) «форс-мажор» – осы Келісімді орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің салдарынан немесе Тараптардың еркіне бағынбайтын күтпеген сыртқы оқиғаларға байланысты туындаған мән-жайлар.

2. Осы Келісім Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі халықаралық күш-жігерлерге қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Француз Республикасының әскери мүліктері мен персоналының транзитін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

2-бап

1. Қазақстан Тарапы Француз Тарапының әуе кемелерінің транзитіне рұқсат береді.

Ауғанстаннан келетін әуе кемелері Француз Тарапына тиесілі әскери мүлікті қайта тиеу үшін Қазақстан Тарапымен келісім бойынша әуежайға қона алады. Көрсетілген әскери мүлік әуежайда түсіріледі, әуежай аумағына жиып қойылады, ал кейін әуежайдың теміржол тұйығына дейін жүк автокөлігімен жеткізіліп, сол жерде ол теміржол платформаларына тиеледі. Брондалған техника қару-жарақсыз, оқталатын бөліксіз, көздеуішсіз және оны ұрыста пайдалану үшін қажетті өзге құрамбөліктерсіз тасымалдануға тиіс. Оқ-дәрінің кез келген түрін қайта тиеуге болмайды. Қазақстан Тарапы әуе кемелерінің әуежайға қонуы және қайта тиеуді жүзеге асыру үшін күн

с а й ы н « а р н а й ы у а қ ы т » ұ с ы н а д ы .

Әуе кемелерінің әуежайға қонуын қоса алғанда, әуе кемелерінің транзиті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі беретін арнайы рұқсат негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Осы Келісімнің 1-бабының 2-тармағында көрсетілген мақсаттарда Қазақстан Тарапы әуе кемелерінің транзитін орындауға және әуе кемелерінің әуежайға қонуына арналған арнайы рұқсаттың бірыңғай жылдық нөмірін айқындайды, ол жыл сайын ж а ң а р т ы л а д ы .

Аталған арнайы рұқсатты алу үшін Француз Тарапы кемінде бір ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Тарапына қонбай ұшатын транзиттің және әскери мүлікті қайта тиеу мақсатында әуежайға қонып ұшатын транзиттің бағыттарын көрсете отырып, қазақ, француз және орыс тілдерінде тиісті сұрау салуды жібереді.

2. Қазақстан Тарапы ұсынған әуе дәліздері бойынша мемлекеттік әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануы туралы француз Тарапы жоспарланған ұшудан кемінде 12 сағат бұрын Қазақстан Республикасының Әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығына (AFTN - UAAKZDZK, UAAAZDZW) м ы н а д а й ұ ш у д е р е к т е р і н :

- арнайы рұқсаттың бірыңғай жылдық нөмірі;
- мемлекеттік әуе кемесінің түрі, тіркеу нөмірі мен радиошақыруы;
- мемлекеттік әуе кемесінің ұшып шығу және қону пунктері;
- қонбай ұшатын транзит жағдайында тасымалдау жөніндегі жалпы мәліметтер (персонал, әскери мүлік) немесе осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларға сәйкес әуежайға қонған жағдайда әскери мүлікті тасымалдау жөніндегі толық м ә л і м е т т е р ;

- Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшу бағытындағы авиажелілерін, кіру/шығу нүктелерін міндетті түрде көрсете отырып, қозғалыстың күні, толық бағыты ж ә н е к е с т е с і ;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қажет болған жағдайда өзге де мәліметтер көрсетілген ұшу жоспарын жіберу арқылы хабарлама береді.

3. Қазақстан Республикасының әуе жолдары бойынша мемлекеттік әуе кемелерінің ұшуы қолданыстағы халықаралық ұшу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

4. Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аэронавигациялық алымды төлетте отырып, мемлекеттік әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетулерді ұсынады.

5. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшатын мемлекеттік әуе кемелері:

- аэронавигациялық қызмет көрсететін қызметпен екі жақты радио байланысты қамтамасыз ететін радио байланыс аппаратурасымен;

- халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) белгілеген тәртіпке сәйкес тиісті режимде жұмыс істейтін радиолокациялық қабылдаушы жауап берушімен (

транспондер) жабдықталуы тиіс.

6. Мемлекеттік әуе кемелері экипаждарының диспетчерлермен сөйлесулері радиобайланыс фразеологиясының тек белгіленген тәртібі бойынша ағылшын тілінде жүргізіледі.

7. Авариялық қону жағдайларын немесе осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, әуе кемелері жанармай құю, экипаждың демалуы үшін немесе өзге мақсаттарда Қазақстан Республикасының аумағында техникалық қона алмайды.

8. Әуе кемесі Қазақстан Республикасының аумағындағы қандай да бір әуежайға авариялық қонуды сұраған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығы ұшу жоспарын алмаған кез келген әуе кемесінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне кіруге тыйым салынады.

Борттағы авариялық жағдайға және/немесе рұқсат етілген транзитті орындауға мүмкіндік бермейтін форс-мажорға байланысты әуе кемесі Қазақстан Республикасының аумағына жоспарсыз қонған жағдайдағыдай бұл жағдайда да аталған әуе кемесі туралы ақпарат міндетті түрде Қазақстан Республикасының Әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығына берілуге тиіс.

9. Осы баптың 1-тармағында көзделген шарттарда әуежайға қонған жағдайда әуе кемелеріне қауіпсіз тұрақ, әуежайдың техникалық қызмет көрсететін қызметтеріне қолжетімділік және қосымша жанармай құюға мүмкіндік беріледі. Француз Тарапы немесе оның өкілдері көрсетілген қызметтерге үшінші елдерге қолданылатын шарттарға сәйкес ақы төлейді.

10. Егер көрсетілетін мүліктің саны мен атауы Қазақстан Тарапына алдын ала жіберілген хабарламаға сәйкес келмесе, Қазақстан Тарапы Француз тарапының немесе оның өкілдерінің әуежайда әскери мүлікті қайта тиеуінен бас тартуға құқылы.

Бұл жағдайда Француз Тарапы немесе оның өкілі тиісті әуе кемесінің қайта тиеу жөніндегі операцияларды орындамай, бортында тұрған барлық әскери мүлкімен және персоналымен бірге Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне кірген бағыт арқылы оның аумағынан кетуіне байланысты шығыстарды өзіне алады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

2-1-бап

1. Қазақстан Тарапы әуежай аумағындағы қайта тиеу жөніндегі операцияларды орындау үшін қажетті жер учаскелері мен объектілерін Француз Тарапының уақытша пайдалануына ұсынады.

Жоғарыда аталған объектілер Француз Тарапына немесе оның өкілдеріне берілген күні екі Тарап өкілдерінің қатысуымен қазақ, француз және орыс тілдерінде көрсетілген объектілердің жай-күйі туралы акт жасалады.

Француз Тарапы немесе оның өкілі аталған жер учаскелері мен объектілерін босатқан күні де осындай шарттарда дәл сондай акт жасалады. Егер Француз Тарапының уақытша пайдалануына берілген объектілердегі зақымданулар орындалатын қайта тиеу жөніндегі операциялар мен климаттық жағдайлардың сипатын ескере отырып, объектілердің табиғи тозуының нәтижесі болмаса, ол аталған зақымдануларды жоюға және атап айтқанда, әуежай аумағының жабынын, жиып қою және кедендік бақылау орындарын, жолды және мүлікті теміржол құрамдарына тиеу үшін қажетті техниканы жөндеуге міндеттенеді. Зақымдану фактісі бойынша екі Тарап өкілдерінің қатысуымен акт жасалады.

Қазақстан Тарапы Келісімнің 2-бабының 1-тармағында аталған операциялардың бәрін орындау үшін қажетті мерзімге Француз Тарапының әскери мүлкін жиып қою үшін оның уақытша пайдалануына оған бөлінген жер учаскелері мен әуежай инфрақұрылымының объектілерінен тұратын аймақты (бұдан әрі – «уақытша сақтау қоймасы») тиісті төлемақыға ұсынады.

Уақытша сақтау қоймасы Француз Тарапының уақытша пайдалануына берілген күнінен бастап Француз Тарапы немесе оның өкілі Қазақстан Тарапына немесе оның өкіліне бір жыл бойы ай сайынғы жалдау ақысын аударып тұрады.

Егер Француз Тарапы уақытша сақтау қоймасын жалдау мерзімі аяқталғанға дейін босатса, ол да, оның өкілі де, объектілердің босатқан күннен кейін орын алған қандай да бір зақымдануы үшін жауапты болмайды.

Уақытша сақтау қоймасы Француз Тарапының уақытша пайдалануына берілген күні Француз Тарапы немесе оның өкілі Қазақстан Тарапына немесе оның өкіліне кепіл төлейді.

Егер Тараптар қайта тиеу жөнінде орындалатын операциялардың және климаттық жағдайлардың сипатын ескере отырып, объектілердің табиғи тозуының нәтижесі болып табылмайтын қандай да бір зақымдануларды анықтамаса, кепіл сомасы Француз Тарапына ол немесе оның өкілдері уақытша сақтау қоймасын босатқан күні қайтарылады.

2. Қайта тиеу жөніндегі операцияларды жүзеге асыру үшін Француз Тарапы көрсетілген операциялардың бүкіл мерзімі ішінде тек өзінің пайдалануы үшін өз есебінен нәтижелері Қазақстан Тарапының меншігіне өтетін мынадай жұмыс түрлерін орындауға міндеттенеді:

а) Әуежайдың аумағында уақытша сақтау қоймасын және офистер үшін жабдықталған бір қабатты құрылыс салу;

б) Әуежайдың аумағында Француз Тарапының уақытша пайдалануына ұсынылған уақытша сақтау қоймасының айналасынан кіретін екі есігі бар қоршау салу;

с) уақытша қойманы электр желісіне қосу және бейнебақылау жүйесі мен контейнерлерді және жүк автомашиналарын өлшеу жүйесін орнату;

д) Француз Тарапының өтініші бойынша Қазақстан Тарапы ұсынатын жылжымалы

тиеу алаңқайы орналастырылатын, жүруге жарамды болуына Қазақстан Тарапы кепілдік беретін қолданыстағы жол мен теміржол тұйығы арасында ұзындығы 400 метр және ені 4 метр қатты жабыны бар жол салу;

е) контейнерлерді теміржол платформаларына тиеу үшін ауданы шамамен 800 шаршы метр қатты жабыны бар алаңқай салу, бұл алаңқай теміржол тұйығының жүк тиеу перронына іргелес болуға тиіс.

Егер Француз Тарапы негізделген тиісті сұраумен жүгінсе, Қазақстан Тарапы оған Тараптар өзара келісіп белгілеген шарттарда әуежайдың бөлінген жер учаскелері мен объектілерін жайластыру жөнінде қосымша жұмыс жүргізуге рұқсат береді.

3. Қазақстан Тарапы әскери мүлкі бар әуе кемелері қонғаннан кейін және ол Қазақстан Республикасының аумағынан әкетілгенге дейін шекаралық және кедендік бақылауды жүзеге асырады.

Кедендік бақылау жөніндегі операцияларды жеңілдету мақсатында Француз Тарапы Қазақстан заңнамасына сәйкес тіркелген және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аккредиттеген кеден өкілі арқылы кедендік рәсімдердің бүкіл кешенін орындауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4. Бір уақытта Қазақстан Республикасының аумағында болатын әскери мүлік көлемі екі теміржол құрамына тиеу үшін қажетті санымен қатаң шектелуге тиіс, оның біреуі қалыптастыру сатысында болуға тиіс.

Әскери мүлікті теміржол арқылы шығару кідіртілген жағдайда Қазақстан Тарапы әскери мүлікті әуе кемелерімен жеткізуді тоқтата тұруға құқылы.

5. Тараптардың өзара келісімі бойынша Француз Тарапы және оның өкілі әуежайдың өздері үшін бөлінген аймағында қайта тиеу жөніндегі операциялар үшін талап етілетін уақытқа саны жеті адамнан аспайды және олар азаматтық киіммен жүреді деген шартпен өз жұмыскерлерін жұмылдыра алады. Осы Келісімді орындау мақсаттары үшін Қазақстан Тарапы көрсетілген жұмыскерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына келуге, онда болуға және еркін жүріп-тұруға рұқсат береді.

6. Француз Тарапы немесе оның өкілі Қазақстан заңнамасына сәйкес тіркелген компаниядан қайта тиеу жөніндегі операцияларды орындау үшін қажетті тиеу-түсіру жабдығын бір жыл мерзімге жалға алады. Егер Француз Тарапы немесе оның өкілі тиеу-түсіру жабдығын жалдау мерзімі аяқталғанға дейін қайтарса, оларға көрсетілген жабдық қайтарылғаннан кейін оның зақымданғаны үшін жауапкершілік жүктелмейді.

Француз Тарапы немесе оның өкілі Қазақстан Тарапын тиісті түрде хабардар ете отырып, жоғарыда көрсетілген операцияларды тиісінше орындау үшін қажетті, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында жоқ жабдықтардың өзге түрлерін де пайдалана алады.

7. Қайта жүкті тиеу жөніндегі операцияларды орындау барысында Қазақстан

Тарапы Француз Тарапының тиісті төлемақысы үшін әуежай аумағында жиып қойылатын немесе транзитпен өтетін әскери мүліктің, Француз Тарапы немесе оның өкілдері әкелген, не олар Қазақстан Республикасының аумағында сатып алған мүліктің, сондай-ақ Француз Тарапына уақытша пайдалануға берілген немесе ол үшін жасалған жабдықтардың қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз етуді өзіне алады. Француз Тарапы әкелген жабдықтардың көлемі мен жай-күйі қойма жүкқұжатында, ал Француз Тарапының уақытша пайдалануына берілген жабдықтардың көлемі мен жай-күйі тиісті есепке алу құжаттамасында көрсетіледі.

Француз Тарапы немесе оның өкілі Қазақстан Тарапына уақытша сақтау қоймасының сегіз күзетшісінің еңбекақысына сәйкес келетін, Тараптар алдын ала келіскен соманы аударды.

8. Әскери мүлікті қайта тиеу Француз Тарапының өкілдері мен Қазақстан Тарапы Қазақстанның Ұлттық теміржол компаниясымен келісім бойынша тағайындайтын өкілдер арасында қол жеткізілген уағдаластықтар негізінде жүзеге асырылады.

ICS, Losert және Salis компаниялары әуе тасымалдары бойынша, ал қайта тиеу жөніндегі операциялар бойынша DANER компаниясы Француз Тарапының өкілдері болып табылады.

Келісімнің 12-бабы 3-тармағынан ерекшелік ретінде Қазақстан Тарапын вербалды нотамен хабардар ету арқылы Француз Тарапы өзінің өкілін ауыстыра алады.

Ескерту. Келісім 2-1-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

3-бап

1. Әскери мүліктің темір жол көлігімен транзиті Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті органы беретін рұқсат негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тек осы Келісімнің мақсаттарында ғана жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес теміржол транзитіне рұқсат алу үшін Француз Тарапы дипломатиялық арналар арқылы Қазақстан Тарапына:

а) не Қазақстан Республикасының аумағына әскери мүлкі бар теміржол құрамы кіргенге дейін;

б) не қайта тиеу жағдайында, әскери мүлікті Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдаушы теміржол құрамы әуежай аумағынан жөнелтілгенге дейін кемінде отыз тәулік бұрын қазақ, француз және орыс тілдерінде тиісті сұрау жібереді.

3. Транзитке рұқсатты беру Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті органына аталған сұратудың келіп түскен күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

4. Теміржол арқылы тасымалдау кезінде әскери мүлік контейнерлерде болуға тиіс,

ал қару-жарақ пен жауынгерлік жиынтықтары алдын ала бөлшектеліп тасталған көлік құралдары брезентпен жабылуға тиіс.

5. Әуежайдың теміржол тұйығында тиеу барысында және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы теміржол көлігімен тасымалдау уақытында әскери мүлікті күзетуді тек Қазақстан Тарапының күзет құрылымдары ғана қамтамасыз етеді.

Осы мақсатта Француз Тарапы немесе оның өкілі «Әскерилендірілген теміржол күзеті» АҚ-мен бөлек келісім жасасады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Француз Тарапы немесе оның өкілі Қазақстан Тарапына әскери мүлікті күзету бойынша шығыстарды төлейді.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

4-бап

1. Егер әскери мүлікті және персоналды тасымалдау осы Келісімнің мақсаттары мен шарттарына сәйкес келмейтіні немесе Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретіні анықталса, Қазақстан Тарапы әуе кемесінің транзитіне немесе қонуына рұқсат беруден бас тартуға не берілген рұқсаттың күшін жоюға құқылы.

2. Осы Келісімнің қолданысы тоқтаған жағдайда рұқсаттың күші жойылады.

3. Транзитке берілген рұқсаттың күші жойылған жағдайда, әскери мүлік пен персоналдың Қазақстан Республикасының аумағынан қайтарылуын француз Тарапы өз есебінен қамтамасыз етеді.

Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

4-1-бап

1. Осы Келісімінің 2-бабының 1-тармағына сәйкес әуежай арқылы транзит жағдайында әскери мүлікті қайта тиеу және теміржол арқылы жол жүру барысында сүйемелдеу жөніндегі операциялар Келісімнің 2-1-бабының 3-8-тармақтарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Көрсетілген операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалады.

2. Қазақстан Тарапы өз мүмкіндігіне қарай осы баптың 1-тармағында аталған іс-қимылдарды орындау кезінде жәрдем көрсетеді.

Ескерту. Келісім 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

5-бап

1. Осы Келісімді жүзеге асыру мақсаттарында француз Тарапы персоналының Қазақстан Республикасының аумағындағы мәртебесі SOFA PfP келісінде анықталған.

2. Француз Тарапының персоналы мен өкілдері Қазақстан Республикасының

заңнамасын сақтауға және оның ішкі істеріне араласпауға міндетті.

3. **Алып тасталды - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.**

3. Қазақстан Республикасының аумағына қонған жағдайда, әуе кемесінің бортында болу персоналдың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, әуе кемесінің бортындағы персонал Қазақстан Республикасының құзыретті органдарының келісімінсіз әуе кемесінің бортын және әуе кемесінің тұрақ орнын т а с т а п к е т е а л м а й д ы .

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

6-бап

1. Әскери мүлік пен персонал осы Келісім шеңберінде жүзеге асырылатын транзит кезінде шекаралық, кедендік бақылауға және қажет болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бақылаудың басқа да түрлеріне жатады.

2. Өткізу пунктінде шекаралық және кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде әскери мүлік пен персоналды тексеру, сондай-ақ шекаралық және кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті қосымша құжаттар мен мәліметтерді талап ету және тексеру Қазақстан Республикасының шекаралық және кедендік органдарының көрсетілген мүлік транзитке рұқсат берілген мүлік емес деуге айтарлықтай негізі болған ерекше жағдайларда ғана жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы транзит кезінде әскери мүлік пен персонал кедендік баждардан, төлемдерден және салықтардан б о с а т ы л а д ы .

Мұндай кедендік баждардан, төлемдерден және салықтардан босатылуы үшін француз Тарапы Тараптар арасында келісілген кедендік құжаттарды, сонымен қатар құзыретті тұлғаның қолы қойылған Тараптар бекіткен нысандағы тиісті анықтаманы қазақстан Тарапының кедендік органдарына ұсынуы тиіс. Қазақстан Тарапының құзырлы органдары кедендік құжаттарға қол қоюға құзыретті тұлғалардың аты-жөндерінің, сондай-ақ олардың қоятын қолдары мен мөрлері үлгілерінің алдын ала тапсырылуын талап ете алады.

7-бап

Ескерту. 7-бап алып тасталды - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

7-бап

Ескерту. Баптың нөміріне өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Француз Республикасының әскери мүлкі мен персоналының Қазақстан Республикасының

аумағы арқылы транзитіне байланысты шығыстарды француз Тарапы немесе оның өкілдері өзіне алады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

8-бап

Ескерту. Баптың нөміріне өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

1. Осы Келісімнің жүзеге асырылуы үшін қажет құпия ақпаратпен алмасу 2008 жылғы 8 ақпанда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісім ережелерінің негізінде іске асырылады.

2. Бір Тараптың транзитке байланысты алатын ақпараты осы ақпаратты берген Тараптың жазбаша келісімінсіз ешбір жағдайларда үшінші тарапқа берілмейді.

9-бап

Ескерту. Баптың нөміріне өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

1. 1951 жылғы 19 маусымда Лондонда қол қойылған Солтүстік Атлант Шартының тараптары болып табылатын мемлекеттер арасындағы олардың күштерінің мәртебесі туралы келісімнің (бұдан әрі - SOFA NATO келісімі) VIII-бабына, оның негізінде SOFA PfP келісімі жасасылған, сәйкес Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің іске асырылуы үшін жүзеге асырылатын қызметке байланысты оның персоналы мен мүлкіне келтірілген залал үшін басқа Тарапқа өтемақы төлеу бойынша кез-келген талаптардан б а с т а р т а д ы .

2. Қазақстан Республикасының аумағында үшінші тұлғаларға француз Тарапы келтірген залал SOFA NATO келісімінің VIII-бабы 5-тармағының ережелеріне сәйкес өтеледі.

10-бап

Ескерту. Баптың нөміріне өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға және түсіндіруге байланысты даулар мен келіспеушіліктер дипломатиялық арналар бойынша консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

11-бап

Ескерту. Баптың нөміріне өзгеріс енгізілді - ҚР 2013.01.11 № 66-V Заңымен.

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алғаннан кейінгі бірінші күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және өзінің қолданысын Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен 6 ай өткен соң тоқтатады.

3. Тараптардың өзара жазбаша келісімімен осы баптың 1-тармағында қарастырылған тәртіпте күшіне енетін, жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын толықтырулар мен өзгертулердің осы Келісімге кез-келген уақытта енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату осы Келісімді іске асырумен байланысты туындаған қаржылық және талап арыз міндеттемелерінің күшін жоймайды.

Астана қаласында 2009 жылғы 6 қазанда екі данада, әрқайсысы қазақ, француз және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының *Француз Республикасының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

2009 жылғы 6 қазанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі күш-жігерлерге Француз Республикасы Қарулы Күштерінің қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскери мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық-құқық департаментінің
Басқарма бастығы *Б. Пискорский*

Осымен 2009 жылғы 6 қазанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы Француз Республикасы Қарулы Күштерінің Ауғанстан Ислам Республикасын тұрақтандыру мен қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылдарға қатысуына байланысты Қазақстан Республикасының аумағы арқылы әскері мүлік пен персоналдың транзитін қамтамасыз ету туралы келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын Қазақстан Республикасы, СИМ-нің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 09-1/5229 және Француз Республикасының Сыртқы және еуропалық істер министрлігінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі № 613/EUC-EAC ноталарының куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық-құқық департаментінің
Басқарма бастығы *Б.Пискорский*

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Келісімнің мәтіні француз тілінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК